

Шектеу іс-шараларын алып тастау және Алтынтөбе ауылы округі әкімінің 2020 жылғы 12 қарашадағы № 78 "Алтынтөбе ауылы округі, Аққұм елді мекені, Жақсығұл мерген көшесінде № 48 үйдің ауласына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Алтынтөбе ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 20 қаңтардағы № 4 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 20 қаңтарда № 6033 болып тіркелді

Қазақстан Республикасындағы "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қазығұрт аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2021 жылғы 14 қаңтардағы № 02-05/07 ұсынысы негізінде ШЕШІМ ЕТЕМІН:

1. Бір бас иттің құтырық ауруының ошақтарын жоюға қатысты барлық ветеринарлық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты Алтынтөбе ауылы округі, Аққұм елді мекеніндегі Жақсығұл мерген көшесінің № 48 үйдің аумағында шектеу іс-шаралары алынып тасталсын.

2. Қазығұрт ауданы, Алтынтөбе ауылы округі әкімінің 2020 жылғы 12 қарашадағы № 78 "Алтынтөбе ауылы округі, Аққұм елді мекені, Жақсығұл мерген көшесінде № 48 үйдің ауласына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5881 болып тіркелген және 2020 жылы 16 қарашада Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жариланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Алтынтөбе ауылы округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешім Қазығұрт ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын;

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл округінің әкімі

Д. Алибаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК